ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 1 ХАТТАМАСЫ

Күні: 29 тамыз 2024 жыл
Қатысқандар: Ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік қызметтің өзекті мәселелерін талдау, жаңа оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін айқындау. Ғылыми-әдістемелік кеңес пен әдістемелік онкүндіктердің жоспарларын қарау.
2. Сынып журналдары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды толтыру тәртібімен таныстыру.
3. 2024–2025 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
4. Мектепішілік аттестаттау комиссиясының құрамын құру.
5. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау және жұмыс жоспарларын бекіту.
6. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқу пәндеріне кіріктіру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша ғылыми-әдістемелік кеңес төрағасы Э. Қожахмет өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстарға талдау жасап, жаңа оқу жылындағы негізгі мақсат-міндеттерді таныстырды. Ғылыми-әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары, оның құрылымы және әдістемелік бірлестіктердің онкүндіктерін өткізу кестесі қарастырылды.

Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аблаев сынып журналдары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды толтыру тәртібін түсіндірді. Оқу құжаттарын қолданыстағы талаптарға сәйкес сауатты әрі уақытылы жүргізу, сабақ тақырыптарын дұрыс белгілеу және оқушылардың оқу жетістіктерін тіркеу қажеттігі атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.айдарбекова оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаттың негізгі бағыттарымен таныстырды. Оқу бағдарламаларын іске асыру, білім сапасын арттыру, функционалдық сауаттылықты дамыту, білім алушылардың жетістіктерін бағалау және оқу-тәрбие жұмысын жүйелі ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директоры Р.Мұхашова мектепішілік аттестаттау комиссиясының құрамын құру, комиссия мүшелерінің міндеттерін айқындау және аттестаттау жұмыстарын қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастыру мәселелерін қарастырды.

Бесінші мәселе бойынша директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары Э.Қожахмет жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау және олардың кәсіби бейімделуіне қолдау көрсету мәселесін баяндады. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, сабақ жоспарлау, тәжірибе алмасу және тәлімгерлердің бірлескен жұмыс жоспарларын ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Алтыншы мәселе бойынша тәрбие орынбасары Г.Нұрмағанбетова «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқу пәндеріне кіріктіру жолдарын түсіндірді. Оқушылардың бойында отансүйгіштік, адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, үлкенге құрмет және кішіге ізет қасиеттерін қалыптастыру, құндылықтарды сабақ мазмұнымен ұштастыру мәселелері талқыланды.

ҚАУЛЫ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған ғылыми-әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Әдістемелік бірлестіктердің онкүндік жоспарлары бекітіліп, белгіленген мерзімде өткізілсін.

3. Педагогтер сынып журналдары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қолданыстағы талаптарға сәйкес жүргізсін. Оқу құжаттарының сапалы толтырылуына мектеп әкімшілігі тарапынан бақылау жасалсын.
4. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда тиісті оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттың талаптары басшылыққа алынсын.
5. Мектепішілік аттестаттау комиссиясының құрамы тиісті бұйрықпен бекітіліп, жұмысы қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылсын.
6. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалып, тәлімгерлер мен жас мамандардың бірлескен жұмыс жоспарлары бекітілсін.
7. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының бағыттары оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алынып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар пән мазмұнына кіріктірілсін.
8. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау ғылыми-әдістемелік кеңес төрағасына және тиісті жауапты тұлғаларға жүктелсін.

Отырыс төрайымы: **Р.Мұхашова**

Хатшы: **А.Сырғабаева**

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 2 ХАТТАМАСЫ

Күні: «30» қараша 2024 жыл
Қатысқандар: Ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. І оқу тоқсанының қорытындысын талдау. Оқу жылы бойынша отырыстардың күн тәртібін қарастыру және өткен оқу жылымен салыстыру.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігі апталығының қорытындысы.
3. Білім сапасы мен оқушылардың бейімделу мониторингі. 7–8 сынып оқушыларына әлеуметтік диагностика жүргізу нәтижелері.
4. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсына дайындық және оның нәтижелері.
5. Дарынды оқушылармен жұмыс: мектепішілік олимпиада материалдарын талқылау және қалалық олимпиадаға дайындық барысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аблаев І оқу тоқсанының қорытындысы бойынша білім сапасына талдау жасады. Пәндер бойынша үлгерім көрсеткіштері, оқушылардың оқу жетістіктері, білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар қарастырылды. Сонымен қатар ғылыми-әдістемелік кеңес отырыстарының жылдық күн тәртібі талданып, өткен оқу жылындағы жоспармен салыстырылды.

Екінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігінің жетекшісі Р.Кокилова пәндік апталықтың қорытындысы туралы баяндады. Апталық барысында өткізілген ашық сабақтар, танымдық іс-шаралар, шығармашылық жұмыстар мен оқушылардың белсенділігі талқыланды. Пәнге қызығушылықты арттыру және оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту бағытындағы жұмыстардың маңыздылығы атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аблаев білім сапасы мен оқушылардың мектеп ортасына бейімделу мониторингінің нәтижелері туралы ақпарат берді. 7–8 сынып оқушыларына жүргізілген әлеуметтік диагностика нәтижелері қарастырылып, оқушылардың қарым-қатынасы, оқу ортасына бейімделуі және кездесетін қиындықтары талданды. Қажет болған жағдайда оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қажеттігі айтылды.

Төртінші мәселе бойынша ғылыми-әдістемелік кеңес мүшесі Г.Садыкова жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсына дайындық барысы мен нәтижелері туралы баяндады. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары, тақырыптардың өзектілігі, зерттеу дағдыларын дамыту және ғылыми жобаларды сапалы дайындау мәселелері талқыланды.

Бесінші мәселе бойынша директордың ғылыми әдістемелік орынбасары Э.Қожахмет орынбасары дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстар туралы баяндады. Мектепішілік олимпиада материалдарының сапасы, тапсырмалардың пәндік ерекшеліктерге сәйкестігі және оқушылардың нәтижелері қарастырылды. Қалалық олимпиадаға қатысатын оқушыларды іріктеу, жүйелі дайындық жүргізу және пән мұғалімдерінің жеке жұмыс жоспарларын ұйымдастыру қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ:

1. І оқу тоқсанының қорытындысы бойынша білім сапасына талдау жасалып, үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін. Білім сапасын арттыруға бағытталған шаралар жүйелі ұйымдастырылсын.
2. Ғылыми-әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспарының орындалуы бақылауға алынып, отырыстардың күн тәртібі өткен оқу жылының нәтижелерімен салыстырыла отырып жетілдірілсін.

3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігінің апталығының қорытындысы назарға алынып, тиімді тәжірибелер оқу-тәрбие процесінде қолданылсын.
4. 7–8 сынып оқушыларының бейімделу мониторингі мен әлеуметтік диагностика нәтижелері негізінде тиісті қолдау жұмыстары ұйымдастырылсын.
5. Республикалық ғылыми жобалар конкурсына қатысатын оқушылардың зерттеу жұмыстары жетілдіріліп, ғылыми жетекшілер тарапынан әдістемелік қолдау көрсетілсін.
6. Мектепішілік олимпиада нәтижелері талданып, қалалық олимпиадаға қатысатын дарынды оқушылармен жеке дайындық жұмыстары жүргізілсін.
7. Қабылданған қаулылардың орындалуын бақылау ғылыми-әдістемелік кеңес төрағасына және жауапты тұлғаларға жүктелсін.

Отырыс төрайымы: **Р.Мұхашова**

Хатшы: **А.Сырғабаева**

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 3 ХАТТАМАСЫ

Күні: 9 қаңтар 2025 жыл

Қатысқандар: Ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. II оқу тоқсанының қорытындысын талдау.
2. Жаратылыстану пәндерінің ағылшын тілінде оқытылу барысы.
3. Математика, физика, информатика пәндері бірлестігінің жұмыстарымен танысу және зерделеу.
4. Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңінің қорытындысын талдау және мониторинг жүргізу.
5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында құндылықтарды пәндерге кіріктіру.
6.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аблаев II оқу тоқсанының қорытындысы бойынша білім сапасы мен оқушылардың үлгеріміне талдау жасады. Пәндер бойынша оқу жетістіктері қарастырылып, білім сапасын арттыру, үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу және оқу бағдарламаларының орындалуын бақылау мәселелері талқыланды.

Екінші мәселе бойынша жаратылыстану пәндері мұғалімдері Ж.Дәуренбекова ағылшын тілінде пәндерді оқыту барысы туралы баяндады. Пәндік терминдерді меңгерту, оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, пәндік білім мен ағылшын тілін кіріктіріп оқыту әдістері қарастырылды. Оқыту сапасын арттыру және оқушылардың пәнге қызығушылығын дамыту қажеттігі атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша математика, физика, информатика пәндері бірлестігінің жетекшісі А.Әбішева бірлестіктің жұмысы туралы есеп берді. Пән мұғалімдерінің оқу-әдістемелік қызметі, сабақ жоспарлары, оқушылардың білім жетістіктері, ашық сабақтар мен пәндік іс-шаралардың өткізілуі зерделенді. Бірлестік жұмысының тиімділігін арттыру жолдары талқыланды.

Төртінші мәселе бойынша директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары Э.Қожахмет республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңінің қорытындысы туралы баяндады. Оқушылардың нәтижелері талданып, пәндер бойынша жетістіктер мен алдағы уақытта назар аударуды қажет ететін бағыттар қарастырылды. Дарынды оқушыларды анықтау, оларды олимпиадаға жүйелі дайындау және пән мұғалімдерінің жұмысын жетілдіру мәселелері талқыланды.

Бесінші мәселе бойынша тәрбие орынбасары Г.Нұрмағанбетова «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды пән мазмұнына кіріктіру жұмыстары туралы ақпарат берді. Сабақ барысында оқушылардың бойында отансүйгіштік, адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, құрмет пен ынтымақтастық қасиеттерін қалыптастыру жолдары қарастырылды. Құндылықтарды оқу мақсаттарымен байланыстыра отырып жүзеге асыру қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ:

1. II оқу тоқсанының қорытындысы бойынша білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылып, үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін.
2. Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту барысында тиімді әдіс-тәсілдер қолданылып, оқушылардың пәндік және тілдік дағдыларын дамыту жұмыстары жетілдірілсін.
3. Математика, физика, информатика пәндері бірлестігінің жұмысы зерделеу нәтижелері негізінде жетілдіріліп, педагогтердің озық тәжірибелері таратылсын.
4. Республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңінің нәтижелері назарға алынып, дарынды оқушылармен жүйелі дайындық жұмыстары ұйымдастырылсын.

5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды пәндерге кіріктіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
6. Қабылданған қаулылардың орындалуын бақылау ғылыми-әдістемелік кеңес төрайымы Э.Қожахметке жүктелсін.

Отырыс төрайымы: **Р. Мұхашова**

Хатшы: **А. Сырғабаева**

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 4 ХАТТАМАСЫ

Күні: 28 наурыз 2025 жыл

Қатысқандар: Ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелері

Күн тәртібі:

1. Ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытылу жайы.
2. Республикалық пәндік олимпиаданың және ғылыми жоба байқауларының облыстық, республикалық кезеңдерінің қорытындысы.
3. Шығармашылық есептерді тыңдау.
4. III тоқсан қорытындысын талдау.
5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында құндылықтарды пәндерге кіріктіру.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары Б.Аблаев ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытылу барысы туралы баяндады. Пәндердің оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілуі, сабақ беру әдістері, оқушылардың білім сапасы мен тілдік дағдыларын дамыту бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

2. Екінші мәселе бойынша Директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары Э.Қажахмет республикалық пәндік олимпиаданың және ғылыми жоба байқауларының облыстық, республикалық кезеңдерінің қорытындылары қаралды. Оқушылардың жетістіктері, ғылыми жобалардың сапасы, дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстар мен оларды байқауларға дайындау нәтижелері талқыланды.

3. Үшінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Сақтағанова мұғалімдердің шығармашылық есептері тыңдалды. Педагогтердің кәсіби жетістіктері, сабақ барысында қолданатын тиімді әдіс-тәсілдері, инновациялық тәжірибелері мен білім беру сапасын арттыруға бағытталған жұмыстары таныстырылды.

4. Төртінші мәселе бойынша Б.Аблаев директордың оқу ісі орынбасары III тоқсанның оқу үлгерімі мен білім сапасының қорытындысы талданды. Пәндер бойынша үлгерім көрсеткіштері, білім сапасы, оқу бағдарламасының орындалуы және білімінде олқылықтары бар оқушылармен жүргізілген жұмыстар қарастырылды.

5. Бесінші мәселе бойынша Г.Нұрмағанбетова тәрбие ісі орынбасары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды пән мазмұнына кіріктіру мәселесі қаралды. Оқушылардың бойында отансүйгіштік, адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, құрмет пен ынтымақтастық қасиеттерін қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Қаулы:

1. Ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытылу сапасын арттыру, оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Олимпиадалар мен ғылыми жоба байқауларының нәтижелері ескеріліп, дарынды оқушылармен жұмыс және оларды пәндік сайыстарға дайындау жұмыстары күшейтілсін.
3. Мұғалімдердің шығармашылық есептерінде ұсынылған тиімді тәжірибелер әдістемелік бірлестіктерде таратылып, оқу үдерісіне енгізілсін.
4. III тоқсан қорытындысы негізінде білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жоспарланып, білімінде олқылықтары бар оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілсін.
5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы құндылықтарды пән сабақтарына кіріктіру жұмыстары жалғастырылсын.
6. Қаулының орындалуын бақылау ғылыми-әдістемелік кеңес төрайымына жүктелсін.

Отырыс төрайымы: **Р. Мұхашова**

Хатшы: **А. Сырғабаева**

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 5 ХАТТАМАСЫ

Күні: 23 мамыр 2025 жыл
Қатысқандар: Ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелері
Күн тәртібі:

1. IV оқу тоқсанының қорытындысына талдау жасау.
2. 2024–2025 оқу жылын аяқтау.
3. Шығармашылық ұстаздар мен озат тәжірибе.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары Б.Аблаев IV оқу тоқсанының қорытындысы туралы баяндады. Пәндер бойынша оқушылардың үлгерімі мен білім сапасына талдау жасалып, оқу бағдарламаларының орындалуы, білім көрсеткіштерінің өзгерісі және білімінде олқылықтары бар оқушылармен жүргізілген жұмыстар қарастырылды. Оқу жылы бойынша қол жеткізілген нәтижелер мен алдағы уақытта назар аударуды қажет ететін мәселелер талқыланды.

2. Екінші мәселе бойынша директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары Э.Қожахмет 2024–2025 оқу жылын аяқтауға байланысты атқарылатын жұмыстар қаралды. Оқу бағдарламаларының толық орындалуын қамтамасыз ету, жылдық бағаларды қорытындылау, оқушылардың оқу жетістіктерін саралау, құжаттарды талапқа сай рәсімдеу және келесі оқу жылына дайындық жұмыстарын жоспарлау мәселелері талқыланды.

3. Үшінші мәселе бойынша директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары Э.Қожахмет шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздардың іс-тәжірибесі мен озат педагогикалық тәжірибелерді тарату мәселесі қаралды. Мұғалімдердің кәсіби ізденістері, сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануы, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстары атап өтілді. Педагогтердің өзара тәжірибе алмасуы мен әдістемелік қолдауды жетілдірудің маңыздылығы айтылды.

Қаулы:

1. IV оқу тоқсанының қорытындысы бойынша білім сапасына жасалған талдау нәтижелері негізінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру шаралары белгіленсін.
2. 2024–2025 оқу жылының оқу бағдарламаларының орындалуы қамтамасыз етіліп, жылдық қорытынды бағалар мен қажетті құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделсін.
3. Оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасын арттыруды қажет ететін пәндер мен бағыттар анықталып, алдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарына енгізілсін.
4. Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздардың озық тәжірибелері жинақталып, әдістемелік бірлестіктер отырыстарында таратылсын.
5. Педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, өзара тәжірибе алмасу және инновациялық әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді қолдану жұмыстары жалғастырылсын.
6. Қаулының орындалуын бақылау ғылыми-әдістемелік кеңес төрайымына жүктелсін.

Отырыс төрайымы: Р. Мұхашова

Хатшы: А. Сырғабаева